



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Шииттік. Имамның дәріптелуі



**Дәрістің мақсаты:** Исламның бағыттарының бірі – шиизм, оның тарихы және идеологиясы, тармақтары – Тазалық Ағайындары, исмаилизм туралы білу.

**Сабақтың негізгі терминдері:** имам, батин, тауил, фидаи (фидаин).

**Шииттік.** Бұл М. Элиаде айтпақшы, таңдаулыларға арналған ислам танымы. Көптеген мұсылман сунниттер үшін күмәнді ислам. Алайда сүннизммен қатар, исламның басқа бағыты – шииттік пайда болды. Түрлі бағалаулар бойынша, әлемдегі мұсылмандардың 10–20%-ы шииттер болып табылады. Иран мен Әзірбайжанда, сондай-ақ кейбір елдерде халықтың көпшілігі шииттер. Шииттік ислам монотеисттік және Мұхаммедтің пайғамбарлық миссиясын мойындай отырып, өзінің даму барысында ортодоксальды исламнан өте қатты алыстады.

Негізі шииттіктің пайда болуы саяси себептерге байланысты болды. Алғашқыда сунниттер үшін халиф Құрайыш тайпасының кез келген абыройлы мұсылманын сайлау арқылы жүзеге асатын бір қызмет еді. Ал шииттер пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, қызы Фатиманың күйеуі Али және оның ұрпақтарын ғана халифаттың заңды мұрагерлері деп санады. Шамасы, ұлдары жас кезінде қайтыс болған Пайғамбар Әлиге мұрагер болуың керек деген тілегін де білдірген болуы керек.

**Шиизмдегі тармақтар.** Исмаилитер – шиизмнің бағыттарының бірі. Батыста исмаилиттер «ассасин деп аталды (бұл атаудың шығу тегі туралы бір нұсқа – «гашишті қабылдаушылар» мағынасынан), ал французша бұл атау «қылмыскер» сөзінің синонимі болатын. Бұл қалай болды? XI ғасырда үш дос Низам әл-Мүлк, Омар Хайям және Хасан әл-Сабах бір-біріне қолдау көрсетуге уәде етті. Низам Селжук мемлекетінің ұлы уәзірі болды және уәдесін орындады. Омарға ештеңеге қам жемей, шығармашылықпен айналысу мүмкіндігін берді. Ол ұлы математик және ақын болды, ал Хасанға қызмет берді, бірақ ол оған қанағаттанбады. Хасан әл-Сабах та екі ғасыр бойы Еуропаны үрейге бөлеген сектаның негізін қалаушы ретінде мойындалды. Бұл қалай болды?

Хасан әл-Сабах кім? Хасан әл-Сабах 1055 жылы Иранның бір провинциясында шиит отбасында дүниеге келді. Жас кезінде тәлімгердің әсерімен, Исмаили бағытын таңдады және тез арада мансапқа ие болды. Кей жерде діни уағыз айтып, кейде қулыққа салып, сатып алып, қорқыту арқылы, жергілікті халықтың Селжұқ ақсүйектеріне деген теріс көзқарасын пайданаланды, Хасан ізбасарларымен Оңтүстік Каспийдегі Казвин қаласының маңындағы Аламут қоршауын алды. Бекіністің басып алынуы Исмаилия мемлекетінің құрылуын білдірді. Осыдан кейін тағы бірер бекінісі алынды. Хасан әл-Сабах исмаилизмнің өз нұсқасын жасады. 1164 жылы ол Ұлы Жексенбіні жариялады – «Заң алдындағы құлдықтан, заңдылықтан босатылған, рухани ислам дәуірі... реформаланған исмаилиттікте имамның дәрежесі пайғамбардан жоғары... Бір исмаилиттік мәтін бойынша «кім өз имамын танымастан өлсе, ол жахилдердің өлімімен өледі», – деп жазады Элиада.

«Тау шайхы» деп аталатын Хасан фанат әрі шебер, кісі өлтірушілерді дайындайтын фиданиттер жүйесін құрды. Ол «шайхтың» кез келген бұйрығын орындайды. Алғашқы жәбірленуші – Низам әл-Мүлк еді. Хасан қатал іріктеуден өткен үміткерлердің ішінен фанаттарды жасады. Шайхтың Құдайдың атынан сөйлейтініне сендірді.

Шииттік исламдағы билік мәселесінің нәтижесінде пайда болды, өзіне Иран мифологиясын сіңірді. Екі ілімнің синтезіне айналды.

Имам (араб. «алда тұрған; тот, намазды басқарған адам») – алдымен намаз кезінде алда тұрып, ғибадатты басқарады. Кейінгі кезеңдерде мешітті басқаратын, рәсімдер жасайтын діни адам. Сунизмдегі атақты діндар адамдардың титулы. Шииттік исламда имам адам мен Құдай арасындағы дәнекер міндетін атқарады, шынайы имамдар деп тек Әли ұрпақтары ғана танылады.

Батын – жасырылған, құпия, сезілмейтін, эзотериялық. Бұл Алланың есімдерінің бірі (Құран, 57: 3). Батын Алланың адамға жақындығының бейнесі, Оның Өзі жаратқан дүниедегі көрінісі.

Тауил (сөзбе-сөз: «бастауға оралу») – шиизмдегі нақтыдан терең мәнге көшкендегі Құранды түсіндірудің ерекше тәсілі.



Фидаи, фидаиндар (араб. «құрбандық етуші») – Хасан ас-Сахаб ізбасарлары,оның ізбасарлары – лаңкестер. Термин сонымен қатар түрлі құпия лаңкестік ұйымдарды, революциялық әскери партияларды, ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушыларды т.б. бейнелеген.

### **Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар**

1. Әли және оның ұрпақтары туралы айтыңыз.
2. Низам әл-Мулктің «Сиасет-наме» – «Басқару туралы кітабының» негізгі идеялары қандай болды?
3. Махди деген кім? Оның шиизмдегі рөлі қандай?
4. Өз идеологиясын құру үшін Хасан ас-Сабах шиизмнің қандай идеяларын қолданды?
5. Хасан ас-Сабах (Саббах) ізбасарларын қолдану үшін қандай әдістерге жүгінді?

### **Бақылау сұрақтары**

1. Шиизмнің сүннизмнен бөлінуіне не себеп болды?
2. Қандай елдерде шиизм басым?
3. Имамдардың шиизмдегі рөлі қандай?
4. Батын деген не?
5. Тауил деген не?
6. Ассасиндер деген кімдер?